

**Май аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы "Май ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 1/67 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 5/4 шешімі . Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 28 мамырда № 7299 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Май аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Май аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы "Май ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 1/67 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7154 болып тіркелген, келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Май ауданында жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын:

Көктөбе ауылының Қазыбек би көшесі бойынша орналасқан Жеңіс паркінің алаңы. Жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін шекті толу нормасы - сексен адам."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Май аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*Май аудандық мәслихатының хатшысы*

*О. Сыздықов*

*Г. Арынов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК